

**Музыка жетекшісінің 2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы : **ЖШС "ЛИМПОПО" балабақшасы**

Топ: **«Дисней» орта топ**

Балалардың жасы: **3-4 жастан**

Жоспардың құрылу кезеңі: **қазан айы, 2023-2024 оқу жылы.**

| <b>Айы</b> | <b>Ұйымдастырылған іс-әрекет</b> | <b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
|------------|----------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Қазан      | Музыка                           | <ul style="list-style-type: none"><li>- музыкаға, ән айтуға, қарапайым аспаптарда ойнауға шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру;</li><li>- балаларды музыкалық шығармашылыққа, әсемдікті сезінуге тәрбиелеу;</li><li>- көркемдік қабылдауды дамыту, балаларды бейнелеу өнерінің шығармаларын түсінуге, музыка мен әнді қабылдауға баулу;</li></ul> <p><b>Музыка тыңдау.</b></p> <p>Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу.</p> <p><b>Ән айту.</b></p> <p>Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айту, педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</b></p> <p>Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру.</p> |